

КЕЛІСІЛДІ

**Директордың оқу жұмысы
жөніндегі орынбасары**

 **А.Б.Муратова**
«30» 06 2026 ж.

Бекітемін

**Жүсіпбек Елебеков атындағы
республикалық эстрада-цирк**

колледж директоры

Ж.Сейдуллаұлы

«30» 06 2026 ж.



Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінің педагогикалық кеңесінің отырысында қаралды және мақұлданды

№4 хаттама

«30» маусым 2026 ж.

**2026-2027 оқу жылына шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде
02150300 «Вокалдық өнер» мамандығы,
4S02150301 «Академиялық ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің
оқытушысы» біліктілігі бойынша емтиханды бағалау критерийлері**

ӨЗІРЛЕНДІ

«Жеке ән салу» ПЦҚ

Хаттама №12

«19» 06 2026 ж.

Баға	Бағалау деңгейі	Критерийлері
«5»	Өте жақсы	• Талапкер академиялық вокал техникасын жоғары деңгейде меңгергенін көрсетеді; • Интонациясы толық таза және дәл, дыбыс тұрақты, еркін әрі көркем шығады; • Дауыс тембрі табиғи, диапазоны жеткілікті, тыныс алу техникасын дұрыс қолданады, дыбыс жүргізуі біркелкі; • Дикциясы мен артикуляциясы анық, мәтінді сауатты әрі түсінікті жеткізеді; • Музыкалық шығарманың көркемдік мазмұны мен стилін толық ашады, музыкалық фразалау, динамика және штрихтарды дұрыс қолданады; • Сахналық мәдениеті, орындаушылық шеберлігі және артистік қабілеті жоғары деңгейде; • Қабылдау емтиханының талаптарына толық сәйкес келеді.
«4»	Жақсы	• Талапкердің вокалдық дайындық деңгейі жақсы; • Интонациясы негізінен таза, болмашы дәлсіздіктер жалпы орындауға әсер етпейді; • Дауыс тембрі сапалы, тыныс алу және дыбыс жүргізу техникасын жақсы меңгерген; • Дикциясы анық, артикуляциясы жақсы; • Музыкалық шығарманың көркемдік бейнесін жеткізе алады, орындаушылық мәнері сенімді; • Сахналық мәдениеті жақсы, қабылдау емтиханының талаптарына сәйкес келеді.
«3»	Қанағаттанарлық	• Талапкердің орындау барысында интонациялық және техникалық қателіктері байқалады; • Дауыс дыбысталуы біркелкі емес, тыныс алу мен дыбыс жүргізу техникасында кемшіліктер бар; • Дикциясы мен артикуляциясы орташа деңгейде; • Музыкалық шығарманы орындайды, бірақ көркемдік бейнесін толық аша алмайды; • Сахнада өзін еркін ұстай алмайды, орындаушылық шеберлігі жеткіліксіз;

		• Қабылдау емтиханының талаптарына ішінара сәйкес келеді.
«2»	Қанағаттанарлықсыз	• Талапкердің вокалдық дайындық деңгейі төмен; • Интонациялық қателіктер көп кездеседі, дауыс дыбысталуы тұрақсыз және сапасыз; • Тыныс алу, дыбыс жүргізу және дыбыс қалыптастыру техникасы жеткілікті деңгейде қалыптаспаған; • Дикциясы түсініксіз, мәтін анық естілмейді; • Музыкалық шығарманы толық меңгермеген, көркемдік бейнесін аша алмайды; • Сахналық мәдениеті мен орындаушылық шеберлігі төмен; • Тапсырмалардың басым бөлігі қанағаттанарлықсыз деңгейде орындалған және қабылдау емтиханының талаптарына сәйкес келмейді.

Комиссия назар аударатын көрсеткіштер:

1. Дауыс табиғаты мен вокалдық мүмкіндіктері (тембрі, диапазоны, дауыс сапасы);
2. Интонациялық тазалығы және музыкалық есту қабілеті;
3. Тыныс алу техникасы және дыбыс жүргізу мәдениеті;
4. Ырғақ сезімі мен музыкалылығы;
5. Дикциясы мен артикуляциясының анықтығы;
6. Орындаушылық шеберлігі, көркемдік бейнені аша білуі және сахналық мәдениеті;
7. Музыкалық шығарманы орындау техникасы, тәртіптілігі және жинақылығы.

«Жеке ән салу» ПЦК төрағасы



А.С.Калдыбай